

**Байғанин ауданының Қоғамдық кеңесінің отырысының
№2 хаттамасы**

2024 жыл «31» мамыр

Қарауылкелді ауылы

Отырысқа шақырылғандар: Байғанин ауданы Қоғамдық кеңесінің мүшелері. Қатысты – 7 адам, сонымен қатар отырысқа аудандық депутаттар, Байғанин аудандық полиция қызметкерлері Қарауылкелді ауылындағы тазалық мәселесі және ауыл жанындағы күл-қоқыс полигоны, түңгі жарық нүктелерін көбейту мәселелері туралы Қарауылкелді ауылдық округінің әкімі А.Ерғалиев «Байғанин орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» КММ-нің атқарған және алға қойған жұмыс жоспары туралы КММ-нің басшысы Ж.Айсұлтан қатысты.

Күн тәртібінде:

- 1.Қарауылкелді ауылындағы тазалық мәселесі және ауыл жанындағы күл-қоқыс полигоны, түңгі жарық нүктелерін көбейту мәселелері туралы
- 2.«Байғанин орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» КММ-нің атқарған және алға қойған жұмыс жоспары туралы

Б.Тажімұратов

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері! Бүгінгі отырысқа Қоғамдық кеңестің 11 мүшесінен 7 мүшесі қатысып отыр. Күн тәртібінде қаралып жатқан мәселе бойынша Қарауылкелді ауылындағы тазалық мәселесі және ауыл жанындағы күл-қоқыс полигоны, түңгі жарық нүктелерін көбейту мәселелері туралы Қарауылкелді ауылдық округінің әкімі А.Ерғалиевке сөз беріледі.

Тыңдалды: Қарауылкелді ауылдық округінің әкімі А.Ерғалиевтің баяндамасы (баяндама қоса жалғанды)
Баяндамашыға сұрақ бола ма?

Сұрақ –Тажімұратов Б: Қоқыс тастамау үшін ескертпе тақтайша қою керек?
Жауап Ерғалиев А: Жақсы жұмыстанамын.

Сұрақ –Ускинов.Н: Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарына арналған саябақ қараусыз қалды, ішіне тал екпейсіздер ма?
Жауап:Ерғалиев А: Биылғы жылы тал егілмеді, себебі суратын скважина жоқ, жәнeде талдарды күтіп ұстайтын біздерде адам жоқ.

Сұрақ –Ускинов Н: Ақындар саябағының ішіндегі мүсіндер т.б заттарды ауылдың балалар сындырып кетеді сол жердегі бейне бақылау жасамайма?

Жауап:Ерғалиев А: Ауданда он сегіз бейне бақылау жасап тұр Байғанин аудандық ішкі істер бөлімі бақылап отыр сапасы бойынша жақын жерден көрсетеді алыстаса көрінбейді, сапасы бойынша барлығы жақсы жасап тұр деді.

Сұрақ –Мәжи М: Бес жүз бағана жараксыз дедіңіз алдағы уақытта жарықсыз қалмаймыз ба, оған қанша қаражат сұрап жатырсыз?

Жауап:Ерғалиев А: Жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр құрылыс бөлімі арқылы қайта жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Қай бағана анық қажет етеді соны алмастыру керек. Арнайы маманын шақырып тексеру жұмыстарын жүргіземіз.

Сұрақ –Төлеу Н: С.Бәйішов көшесінде жарық жоқ ?

Жауап:Ерғалиев А: С.Бәйішов көшесі жалпақ ұзын көше осы көшенің бір жақ бетінде жарық шамдар орынатылған олар жанып тұр.

Сұрақ –Тәжімұратов Б: Көшеде қанша қоқыс жәшігі бар ?

Жауап:Ерғалиев А: Қарауылкелді ауылы бойынша жиырма екі жерде орналасқан.

Сұрақ –Тәжімұратов Б: Қоқыс жәшігін көбейтіп күл қоқыстарды ақшасына шығаратын болсақ сол кезде ауылымыз таза болады?

Жауап:Ерғалиев А: Сенімгерлік басқарумен бір адам ұтып алса кесте құрып кестеге сәйкес бір көшеден бастап жинайды адам санына байланысты ақшасын бөліп жинайды.

Тыңдалды: «Байғанин орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» КММ-нің басшысы Ж.Айсұлтанның баяндамасы тыңдалды (баяндама қоса жалғанды)

Баяндамашыға сұрақ бола ма?

Сұрақ –Ускинов Н: Орман шаруашылығы ашылғаннан кейін айналасы қоршалады ма?

Жауап Айсұлтан.Ж: Тәлім бақ қоршалады, егілген жерлер қоршалмайды.

Сұрақ –Ускинов Н: Алтай батыр, Кемерши, Жарқамыс,Қаражар ауылдарын құм басып келе жатыр оған қандай шара қолданасыз?

Жауап Айсұлтан.Ж: Аудан бойынша алты елді мекен құм басу қауіпі бар деп есептеліп отыр былтырғы жылы Баршақұм мен Жарқамыста жұмыстар басталды скважина жұмыстары жүріп жатыр мердігері бес жыл бойы өсіруге міндетті.

Сұрақ –Байғабылов М: Орман шарушылығы мамандары бар сол бойынша жәрмеңке ұйымдастырылады ма?

Жауап Айсұлтан Ж: Орманшыны оқыту үш ай белгіленген орман жоқ әлі ормандарды есептеп керек орманшы санын береді әзірге сегіз орманшы.

Сұрақ –Байғабылов М: Аң шаруашылығы барма?

Жауап Айсұлтан Ж: Ол мамандықта бар орман шаруашылығы ашылғаннан кейін орманның ішіндегі жануарлардың қауіпсіздігіне жауап береды.Олардың билігіне аң ауланбайтын аңдарды аулағаны үшін мезгілсіз жүрген адамдарға, ағаш кескен адамдарға айыппұл салуға билік береді.

Сұрақ –Ускинов Н: Жеміс ағаштарын отырғыза аласыздар ма?

Жауап Айсұлтан Ж: Жеріміз қандай қандай ағаш өседі барлығын тексереді қандай ағаш егетінімізге дейін айтып береды.

Б.Тажімұратов: Қоғамдық кеңес мүшелеріне отырысқа қатысқандарыңызға алғыс айтамын.Отырысқа қатысқандарыңызға рахмет.

Төраға

Хатшы

Б.Тажімұратов

Ж.Көшкінбай